

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің
Заң факультеті
6B04245 Құқықтану даярлау бағытының білім беру бағдарламасы бойынша
2-курс, ЗҚТ-412 тобымен өткізілген ашық-тәрбие семинарының
ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қ.

23.09.2025 ж.

Қатысқандар: Факультет деканы, PhD Қасымбек Әлия Орынбасарқызы, факультеттің ғылым және тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары, PhD Ибраев Жандос Габитович, факультеттің оқу ісі жөніндегі орынбасары Турлыбеков Қайратбек Аманжолұлы, «Құқықтану» кафедрасының меңгерушісі, PhD Шалхаров Ернар Сайлаубекович, кафедраның профессор-оқытушылар құрамы, аға тәлімгер Баймахан Нұртас Саттарұлы, студенттік декан Балтабай Жаннұр, 2 курс ЗҚТ-412 топ эдвайзері Данишбаева Меруерт Сериковна және білімгерлері.

Арнайы қонақ:

Шымкент қаласының адвокаттар алқасының мүшесі, тәжірибелі адвокат – Көшербаева Гүлшат Нұрлыбекқызы

КҮН ТӘРТІБІНДЕ ҚАРАЛАТЫН МӘСЕЛЕЛЕР:

**«TikTok феномені және уақытты босқа кетіру – қысқа контенттің сананы басқаруы»
атты ашық-тәрбие семинары**

Топ тәлімгері Данишбаева М.С. сөз алып, ашық-тәрбие семинарын ашып, бұл ұйымдастырылып отырған ашық-тәрбие семинарының мақсатына тоқталды. Бүгін біз заманауи қоғамның өзекті мәселелерінің бірі – TikTok феномені және қысқа контенттің жастарға әсері туралы ой бөліспекпіз.

TikTok пен басқа да қысқа форматтағы бейнелер бүгінде миллиардтаған аудиторияны қамтып отыр. Бұл құбылыс бір жағынан жастарға шығармашылық идеяларын жүзеге асыруға, талантын көрсетуге мүмкіндік берсе, екінші жағынан уақытты босқа кетіру, сананы басқару, тәуелділікке әкелу сияқты қауіптерді де тудырып отыр.

Зерттеулерге сүйенсек, жастардың басым бөлігі күніне орта есеппен 2-3 сағатын дәл осы платформаларда өткізеді екен. Бұл уақытты білім алуға, спортқа немесе өзін-өзі дамытуға жұмсауға болатын еді. Бірақ, өкінішке қарай, қысқа контент адамның назарын ұзақ уақытқа бір жерге шоғырландыру қабілетін төмендетіп, ойлау жүйесіне әсер етеді.

Сондықтан біз бүгін тек сын айту үшін емес, ең бастысы баламалы жолдар іздеу, уақытты тиімді пайдалану жолдарын талқылау үшін жиналдык.

Студенттерге айтарым – TikTok пен басқа платформаларды толықтай терістеу қажет емес. Бірақ оны ақылмен, уақытты басқаруды үйреніп, пайдалы ақпаратқа қолдана білсек – ол біздің досымызға айналады. Ал бақылаусыз қолдансақ – уақытымызды ұрлайтын тәуелділікке әкеледі.

Осы кездесуде сіздердің пікірлеріңізді тындап, бірге талқылап, ортақ шешімге келеміз деп сенемін.

«TikTok феномені және уақытты босқа кетіру - қысқа контенттің сананы басқаруы». Бұл мәселе қазіргі жастардың күнделікті өмірімен тікелей байланысты болғандықтан, семинар студенттер арасында үлкен қызығушылық тудырды.

Арнайы қонақ - Шымкент қаласының адвокаттар алқасының мүшесі, тәжірибелі адвокат Көшербаева Гүлшат Нұрлыбекқызы студенттермен өз өмір жолын, адвокаттық қызметтің қоғамдағы орнын және кәсібіндегі жауапкершілікті терең толғай отырып, жастарға адал еңбек пен үздіксіз дамудың маңызын айрықша атап өтті.

Сондай-ақ факультеттің ғылым және тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары, PhD Ибраев Жандос Габитович жастардың ізденісін қолдап, олардың еңбегіне жігер берді.


Семинарда студенттер өз ойларын ашық білдіріп, слайдтар қорғап, плакаттар әзірледі. Қысқа контенттің адам санасына әсері, уақытты тиімді пайдалану (time management), өзін-өзі басқару тақырыптары кеңінен талқыланды.

Бұл кездесу бір ғана семинар емес, Заң факультетінің заман ағымынан қалыспай, үздіксіз дамып отырғанының айқын дәлелі болды. Жастардың ой-өрісін кеңейту үшін факультет ұстаздары да заманға бейімделіп, солармен бірге даму үстінде екенін көрсетті.

Мұндай тағылымды шаралар студенттердің кәсіби бағдарын айқындап қана қоймай, олардың болашақ мамандықтарына деген сүйіспеншілігін арттырады.

ШЕШІМ:

- Жастар арасында уақытты тиімді пайдалану дағдыларын дамытуға бағытталған шараларды жалғастыру;
- Қысқа контенттің ықпалын түсіндіру мақсатында студенттік жобаларды қолдау;
- Адвокаттар мен құқық саласының тәжірибелі мамандарын жүйелі түрде шақырып, жастарға тағылымды кездесулер ұйымдастыру.





«Құқықтану» кафедрасының
аға оқытушысы, топ эдвайзері

ЗҚТ-412 тобының топ басшысы

Д. С. Данишбаева
Ж. Балтабай

М.С.Данишбаева

Ж.Балтабай